

Жаңаарқа ауданының Жаңаарқа кентінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Жаңаарқа аудандық мәслихатының 2022 жылғы 5 сәуірдегі № 21/139 шешімі. Күші жойылды - Ұлытау облысы Жаңаарқа аудандық мәслихатының 2023 жылғы 19 қазандағы № 8/52 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ұлытау облысы Жаңаарқа аудандық мәслихатының 19.10.2023 № 8/52 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 39-3-бабының 6-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Жаңаарқа ауданының мәслихаты ШЕШТІ:

1. Қоса беріліп отырған Жаңаарқа ауданының Жаңаарқа кентінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидалары осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Жаңаарқа кентінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін кент тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы осы шешімнің 2 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жаңаарқа аудандық маслихат хатшысы

К. Имантусов

Жаңаарқа аудандық мәслихатының

2022 жылғы "5" сәуірдегі № 21/139

шешіміне 1 қосымша

Жаңаарқа ауданының Жаңаарқа кентінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидалары

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Жаңаарқа ауданының Жаңаарқа кентінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидалары "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабының 6-тармағына және "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 қаулысына сәйкес өзірленді және Жаңаарқа ауданының Жаңаарқа кентінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұфымдар пайдаланылады:

1) жергілікті қоғамдастық – шекараларында жергілікті өзін-өзі басқару жүзеге асырылатын, оның органдары құрылатын және жұмыс істейтін тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініс аумағында тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жиынтығы;

2) жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны – ауыл тұрғындарының жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлауға тікелей қатысуы.

2-тaraу. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізуудің тәртібі

3. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын өткізу үшін кенттің аумағы участкерлерге бөлінеді.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – Ұлытау облысы Жаңаарқа аудандық мәслихатының 26.07.2022 № 27/184 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

4. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарында жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін саны үш адамнан аспайтын өкілдер сайланады.

5. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын Жаңаарқа кентінің әкімі шақырады және ұйымдастырады.

6. Жергілікті қоғамдастықтың халқына жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарының шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы Жаңаарқа кентінің әкімі бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін күнгө дейін құнтізбелік он күннен кешіктірмей хабарлайды.

7. Кент шегінде бөлек жергілікті қоғамдастық жиынын өткізууді Жаңаарқа кентінің әкімі ұйымдастырады. Көше шегінде көппәтерлі үйлер болған жағдайда, көппәтерлі үйдің бөлек жиындары өткізілмейді.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – Ұлытау облысы Жаңаарқа аудандық мәслихатының 26.07.2022 № 27/184 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

8. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының ашылуы алдында тиісті кенттің оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны осы кентте тұратын және оған қатысуға құқығы бар тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) кемінде он пайзы қатысқан кезде өтті деп есептеледі.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – Ұлытау облысы Жаңаарқа аудандық мәслихатының 26.07.2022 № 27/184 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

9. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын Жаңаарқа кентінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады. Жаңаарқа кентінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жергілікті қоғамдастық жиынының төрағасы болып табылады . Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының хаттамасын ресімдеу үшін ашық дауыс берумен хатшы сайланады.

10. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін кент тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын Жаңаарқа ауданының мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес бөлек жергілікті қоғамдастық жиынына қатысушылар ұсынады.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – Ұлытау облысы Жаңаарқа аудандық мәслихатының 26.07.2022 № 27/184 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

11. Дауыс беру ашық тәсілмен әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі . Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына қатысушылардың ең көп даусын жинаған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

12. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және ол тиісті Жаңаарқа кентінің әкімінің аппаратына беріледі.

Жаңаарқа аудандық мәслихатының
2022 жылғы 5 сәуірдегі №21/139
шешіміне 2 қосымша

Жаңаарқа кентінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін кент тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы

№	Көшелердің атапу	Өкілдерінің саны (адам)
1	Участок № 537	3
2	Участок № 538	3
3	Участок № 539	3
4	Участок № 540	3
5	Участок № 541	3
6	Участок № 542	3
		18